

С.Ж.АСФЕҢДИЯРОВ АТЫНДАГЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

От шығару жолдарының ауруларымен БАЛАЛАРДА ДИСПАНСЕРЛІК БАҚЫЛАУДЫ ҮЙЫМДАСТАРЫУ

ҚАБЫЛДАҒАН: АРИНОВА А.Н

Орындаған: Ибадуллаева А.Х

ФАКУЛЬТЕТ: ЖМ

Тобы: 407-1

ЖОСПАРЫ

- ? I.Кіріспе
- ? II.Негізгі бөлім
- От қуығының балалардағы
анатомиялық ерекшеліктері
- Биллиарлық жолдың дискинзиясы
- Қабынулары
- От-тас ауруы
- ? III.Қорытынды



КІРІСПЕ

- ? От шығару жолдарының ауруларына өт, бауырдан тыс және бауырішілік өт өзектерінің түрлі кеселдері жатады.
- ? Аурулардың 1-14 жас арасындағы таралымы 53,1%, жиірек қыздарда(6-10жас) кездеседі.
- ? Жиі кездесетіндері өт жолдары маторикасының функционалдық бұзылыстары, қабынулары (холецистит, холангит) және аномалиялары- сиректеу 16-27,5% . Соңғы кезде өт-тас ауруының жиілігі артуда. Билиарлық жүйенің ісіктері балаларда сирек кездеседі.


ӨТ ҚҰЫҒЫНЫҢ БАЛАЛАРДАҒЫ АНАТОМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ? Жаңа туылған балаларда өт қабы бауырмен жабылып тұратынды. Ол цилиндр немесе алмұрт тәрізді, сиректеу ұршық немесе S тәрізді болады. Соңғы түрі бауыр артериясының өзіндік қалпына байланысты. Баланың жасына сай өт қабының мөлшері арта түседі.
- ? Жаңа туылған баланың денесінің орталық жазықтығы өт қабы жазықтығымен үшкір бұрыш құрайды, ал ересек адамдарда ол параллель жатады. Жаңа туылған балада өт қабының түбі жан-жағынан денесі және мойны үш жағынан іш пердесімен жабылған. Өт қабының түбі аңы ішекпен түйісіп жатса мойны 2 елі ішектің жоғарғы көлденең бөлігінің алдыңғы бетін қызып өтеді.

- ? Жаңа туылған балаларда өт қабы өзегінің ұзындығы әртүрлі, әдетте жалпы өт өзегінен ұзынырақ болады. Өт қабының өзегі бауыр-ұлтабар жалғамасының бас қырын бойлап жатады да, бүгіліс құрайды. Осыған орай, кейде жоғары және төмен бөліктерге бөледі. Өт қабы өзегі бауыр өзегімен қосылып жалпы өт өзегін құрайды, оның ұзындығы әртүрлі болады. Жаға туылған балалардың өзінде 5-18мм деңгейінде болады. Жасы артқан сайын ұзара түседі.



Анатомия желчевыводящих путей



ӨТ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ АУРУЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

I. Функционалдық бұзылыстар:

a) дискинезиялар

- гипотония, гипокинезия;
- гипертония, гиперкинезия;
- аралас(не диссоциацияланған)

б) өт дискинезиясы

II. Механикалық бұзылыстар:

- аномалиялар;
- лимфа түйіндерінің гиперплазиясы;
- микрокалькулез ;
- холестаз синдромы.

III. Қабыну аурулары (обструкциямен және обструкциясыз)

- Холецистит
- Холангит
- Холецистохолангит.



IV. Үлкен дуоденалдық үрпі және жалпы запыран өзегі (жалпы холо-өттік өзегі маңы) аурулары:

а) функционалдық:

- Гипотония
- Гипертония

б) қабынулық

в) обструкциялық

V. Өт-тас ауруы

VI. Постхолецистоэктомиялық синдром

VII. Паразитарлық аурулар(аскаридоз, описторхоз, эхинококкоз, фасциолез, клонорхоз).

VIII. Ісіктік

IX . Жаракаттық



БИЛЛИАРЛЫҚ ЖОЛДЫҢ ДИСКЕНЗИЯСЫ

- Өт қуығының және өт жолдарының жиырылу бұзылышының әсерінен және де Одди сфинктерінің қызметінің ақауы әсерінен өттің дұрыс бөлінбеуімен сипатталатын ауру.
- ? Этиологиясы:
- Эртүрлі генезді нейроциркуляторлық дисфункция;
- Басынан өткерген вrustы гепатит;
- вегетативті дискинезия және азқымылды өмір салты;
- Невроздар;
- Тағамдық аллергия;
- Асқазан-ішек жолының созылмалы аурулары;
- Асқазан-ішек жолының паразитоздары, лямблиоз;
- Тұқым қуалаушылық биімділігі, бірақ ол көбінесе отбасының тамақтаны режимімен байланысты.



Патогенезі:

- ? От жолы маторикасының бұзылышан алған келетін екі негізгі фактор:
 - 1) Гепатоциттің функциялық бұзылышы, осыдан – дисхолия
 - 2) От шығару жолдарының бұлшықет қабатының нервтік регуляциясы бұзылышы орталық (нейроциркуляторлық дисфункция, невроздар) және перифериялық (асқазан-ішек жолдары дергілерінде интерорецепторлардан вицеро-вицеральды рефлекс типінде) генезben.
- Дискинезияға энтералдық гормондар (холецистокинин, мотилин т.б) түзілісі бұзылышының де әсері бар.

КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ

- Науқастарда көбіне нейроциркуляторлық дисфункция белгілері анық:
шаршағыштық, ашушандық,
жылауықтық, қызбалық, бас ауруы,
жүрек қағуы, тершендік.
- Бала оң қабырға доғасы асты, эпигастрый маңының ауыратынына шағымданады.
- Гипертониялық дискинезияда ауыру сезімі ұстамалы, өткір, бірақ қысқа мерзімді.
- Гипотониялық дис-да ауыру сезім түйік, сыйздал, оң қабырға доғасы астын керетін тәрізді; көбіне жүрек қағуы, тәбет төмендеуі және кекірумен қатар жүреді.



БАЛАГА ӨТ ДИСКЕНЕЗИЯСЫ ДИАГНОЗЫН ҚОЮ АЛГОРИТМІ

(Нижний Новгород, 1999)

Анамнез

- Аурудың басталуы біртіндеп
- Ағымы созылмалы
- Аурудың байланысы жоқ: вегетативті дисфункция, нервті эмоционалдық бұзылыстар, өт дамуының аномалиялары; инфекция, диета, дисгормоналды бұзылыстар.
- Тұқым қуалау биімділігі

Шағымдары

От функциясы дискоордниациясына байланысты:

-Оң қабырға асты доғасындағы ауру сезімі арқа, оң жауырынға беріледі(қысқа мерзімді, ұстамалы, кесіп шаншу тәрізді)

От бұлшықеті гипофункциясында:

-тұйық, сыздаған ауыру сезімі оң қабырға доғасы астында;
-Ұзақ мерзімді

Клиника

Кер, Ортнер ж.б.симптомдарының оң болуы мүмкін

Лабораториял ық мәліметтер

Запыранды микроскоппен тексеру(шырыш көп емес, холестерин кристалдары, микробар)

Запыранды биохимиялық тексеру:

- От қышқылдары мөлшері ↑**
- Урокиназа белсенділігі↓**
- Гситидаза белсенділігі↑**

Аспаптық зерттеулер

Фракционды дуоденалды зерттеулер:

-Гипермоторлы дискинезия (В мөлшері төмен не қалыпта; өт рефлексі жоғары, босауы жоғары)

-Гипомоторлы дискинезия (В мөлшері жоғары, өт рефлексі қалыпта, босауы төмен)

Эхография:

-Гипермоторлы дискинезия(өттің жиырылуы >60% 40минутта

-Гипомоторлы дискинезия(өттің жиырылуы <50% 40 минутта), өзектер спазмы (өттің жиырылуы 10-20минутта), өттің даму аномалиялары;

Ажырату диагнозы

-12 елі ішектің ойық жарасы;

-Созылмалы гастродуоденит;

-Созылмалы холецистит



ӨТ ДИСКЕНЕЗИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЕМ НОБАЙЫ (А.В.МАЗУРИН)

Емдік шаралар	Гипотоникалы- гипокинетикалық	Гипертоникалы- гиперкинетикалық
Диета	Певзнер бойынша №5. Әсімдік талшықтары жеткілікті(17,2 г/кг/тәул), жеміс-жидтер	Певзнер бойынша №5, 5а. Механикалық, химиялық, тағамдық тітіркендіргіштер мен майларды шектеу.
Нейротроптық дәрілер	Белсендері әсері басым адаптогендер: кофеин, элеутерококк, пантоクリн, женьшень, алоэ экстракты, прокинетиктер – домперидон (мотилиум), метаклопромид (церукал).	Седативтік әсері басым: кіші транквилизаторлар, новокаин (12 елі ішек ішінеде)
Спазмолитиктер	Көрсеткіші жоқ, керек емес	Күрсеткіштері бар: папаверин, но-шпа, ганглиоблокаторлар.
Физиоем	Тonus көтеру типті: фарадизация , гальванизация, ДДТ, балшық басу, электроудықы	Седативті типті: электрофорез, (новокаин, папаверин, магний сульфаты), Щербак гальвандық “жағасы”

СОЗЫЛМАЛЫ ХОЛЕЦИСТИТ


- От пен өт шығару жолдарындағы созымалы қабыну процесі. Ылғи да екіншілік, дамуы дисхолия, дискинезия, өт жолдарының іштен біткен аномалиялары не жүре пайда болған патологиядан. Балалардағы жиіліг 10-12%.

Этиологиясы:

- От қабының инфекциялық(бактериалдық, вирустық, паразитарлық) немесе инфекциялық емес(асқазан және үйқы безі сөлінің дуоденобилиарлық рефлюксі, атопиялық диатез) қабынуы;



Созылмалы холециститтін патогенезі



КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ:

- әлсіздік, тез шаршағыштық, ашушандық, бас ауруы, субфебрилитет, тершендік, жүрек айнуы ауызға аңы дәм келуі, тәбет төмендеуі, сирек-құсу, кекірік, іш қату немесе тұрақсыз нәжіс, дерматит.
- Ең жиі белгісі: іш ауруы – сыздап, тұйық, іш тұсын басқанда ауыру сезімі(сұық, майлы, қуырған, аңы тағам ішкеннен соң 20-30мин өткен соң басталады.) Ауыру ауық- ауық ұстамалы кейіпте, шаншу, жырту не кесу сезімімен, жарты сағаттан бірнеше сағатқа созылуы ықтимал. Ауыру орны түрліше: науқастардың 50%-да – оң қабырға доға асты, 30% да – эпигастрый, кейбір балада белгісіз. Ауыру сезімі 2-3 сағаттан кейін тиылады.
- Объективті тексеруде: бауырдың шамалы ұлғаюы, тері құқылдығы, токсикоз белгілері, тахи- және брадикардия, пульс лябильдігі, функционладық шу т.б
- Объективті симптомдар: Кер, Ортнер, Мерфи, Греков-Ортнер, Лепине, Мендель, Шоффар т.б оң болады.

БАЛАҒА СХ ДИАГНОЗЫН ҚОЮ АЛГОРИТМІ

(Нижний Новгород, 1999)

Анамнез	<ul style="list-style-type: none">-Кеселдің басталуы біртіндеп,-Ағымы созылмалы не толқынды,-Аурудың байланысы: өт дамуының аномалиясызыптыран жолдарының дискинезиясы, инфекция, диета бұзылысы, вегетативті дисфункция, нервті-эмоционалды бұзылыстар,-Тұқым қуалау биімділігі
Шағымдары	<ul style="list-style-type: none">-Іш ауруы, жиі оң қабырға доғасы асты(тұйық, күшті, ұстамалы)-Ауыру синдромының байланысы: диета бұзылыстары, физикалық жүктеме, психо-эмоционалдық бұзылыстар, итеркурентті аурулар;-Ауру сезімінің оң қабырға доға асты, иық, жауырынға берілуі
Клиника	<ul style="list-style-type: none">-Өт симптомдары оң(Кер, Ортнер, Мерфи) +++++ дейін-Оң қабырға доғасы астында іш еті қарсылығы-Токсикоз белгілері-Аурудың өршуінде қызыну(болуы мүмкін)
Лабораториялық мәліметтер	<p>ЖҚА мүмкін: ЭТЖ жоғарылауы, өршу кезінде нейтрофильді лейкоцитоз</p> <p>Кан биохимиясында:</p> <ul style="list-style-type: none">-диспротеинемия($\uparrow\alpha_1, \alpha_2, \beta, \gamma$-глобулиндер)-Сілтілі фосфатаза\uparrow, тимол сынағы\uparrow, фибриноген\uparrow, С-РБ(+,++)\uparrow-аминотрансферазалар\uparrow, билирубин\uparrow, липопротеидтер\uparrow <p>Запыран биохимиясы:</p> <ul style="list-style-type: none">-Билирубин концентрациясы тәмен, өт ұышқылдары концентрациясы тәмен, сілтілі фосфатаза тәмен.



СХ ӨРШУІН СТАЦИОНАРДА ЕМДЕГЕН ЖӨН(2-4 АПТА), РЕЦИДИВКЕ ҚАРСЫ ЕМДІ АМБУЛАТОРИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 1 АЙ БОЙЫ МЫНА КЕСТЕ БОЙЫНША ЕМДЕЙДІ.

Емдік шаралар	Өршу кезеңі	Рецидивке қарсы
Козғалыс режимі	3-5күн төсектік сосын жалпы ауруханалық	Жаттығулық
Диета	Певзнер бойынша №5	Физиологиялық
Өт айдаушылар	Синтезі химиялық фитокомплекстер	Фито-комплекстер
Дәрілер	Поливитамиnder	Поливитамиnder
Емнің физикалық тәсілдері	Диатермия, УВЧ тоғы, папаверин, магний сульфаты, новокаинмен электрофорез бауыр аймағына, ультрадыбыс көрсеткіштеріне қарай	ЕФК(ЛФК), уқалау(массаж), балшық емі, арасандар
Седативтілер	Көрсеткіштеріне қарай	Көрсеткіштеріне қарай
Паразиттерге	Көрсеткіштеріне қарай	Көрсеткіштеріне қарай

ӨТ-ТАС АУРУЫ

- Бауырдың өт өзектері, жалпы өт өзегі, өтте тас құралымен еркшеленетін гепатобилиарлық жүйенің заттек алмасу бұзылышының ауруы.

Этиологиясы:

- Алғашқы 3 айлығында жасанды тамақтану
- Тағамда талшықтар, витаминдер және микронутриенттер аз, ал майлар, оңай сінірлелітін ксенобиотиктер мен көмірсуладың көп болуы.
- Ішетін су құрамын өзгертетін экологиялық ерекшеліктер
- Ұзақ мерзімді парентералды тамақтану
- Созылмалы гемолитикалық анемиялар
- Семіру
- Гипертриглицеридемия,
- Муковисцидоз,
- Ішектің созылмалы аурулары
- Бауырдың созылмалы аурулары.
- Қант диабеті
- Гиподинамия, физикалық белсенділік азауы



ПАТОГЕНЕЗІ

- ? Тас құралу процесінде үш фактор қатысады:
 - 1) “Литогенді” запыран – запыран құрамының бұзылысы(дискразия), бұл оның әуколлоидтылығын азайтады;
 - 2) Кезекті кристаллизация және тас құралуы үшін “ядролар” болуы;
 - 3) Запыран іркілісі



КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ:

- ? Өт-тас ауруындағы іш ауыру ұстамасы: ұстамалы түрдегі ауру сезімі оң қабырға доғасы астында; негізі – өт ағу бұзылысы, өт пен оның өзектеріндегі жазық бұлшықет спазмы, осыдан запран жолдарында қысым артады. Әдетте, кенет кешке не түнде басталып, тұрақты не оқтын-оқтын мазалайды.
- ? Объективті байқауда “өт” симптомдары оң, 9-10кеуде омыртқасы аймағында гиперестезия. Қызу көтерілуі мүмкін, бұл өттегі инфекцияның белсену не рефлекторлы сипат.
- ? Кей науқастарда ұстамада тері сарғаюы мен қышуы, зәр түсінің қоңырқайланып, нәжіс ағаруы, қанда тіке билирубин жоғарыладап, сілтілі фосфатаза белсенділігінің жоғарылауы байқалады.
- ? Диспепсия синдромында жүрек айнуы, ауамен кекіру, ащы дәм сезіну, тамақтанудан соғ әпигастрний маңының “толуы” орын алады.



БАЛАҒА ӨТА диагнозы қою алгоритмі

(Нижний Новгород 1999)

Анамнез	<ul style="list-style-type: none">-Кеселдің біртіндеп не жедел басталуы-Созылмалы не латентті ағым-Ауру байланысы: өт литогендігіне байланысты, дәрілердің ұзак мерзім қабылдау, өт жолдары даму аномалиялары, өт жолдарының гипокинезиясы мен гипотониясы, жоғары калориялы тағамдар, вегетативті дисфункция-Түкым қуалаушылық бейімділігі
Шағымдары	<ul style="list-style-type: none">-Іш ауруы, жиі оң қабырға доға асты,-Іш ауру ұстамасының диета бұзылысы, физикалық жүктеме, психо-эмоционалдық бұзылыстар, интеркурренттік аурулармен байланысы,-Ауыру сезімінің оң қабырға доғасы асты, оң иық, жауырынға таралуы
Клиникасы	<ul style="list-style-type: none">-Аз уақытқа сарғаю-Өт симптомдары (Кер, Ортнер, Мерфи +++)-Оң қабырға доғасы астында бұлшықет қарсылығы (+++)-Токсикоз белгілері-Қызыну-Жедел кезеңінде бауыр ұлғаюы

Лабораториялық диагноз	<p>Мүмкін: ЭТЖ едәуір жоғарылауы, өршу кезеңінде лейкоцитоз, нейтрофильді жылжумен.</p> <p>Қан биохимиясында</p> <ul style="list-style-type: none"> - Билирубин жоғары - Холестерин жоғары - Өт қышқылдары жоғары - Лейцинаминопептидаза жоғары <p>Запыран микроскопиясы: (“В” ұлесінде кішкен тастар, құм, қристалдар)</p>
Аспаптық диагноз	<p>Фракционды дуоденалды зондылау</p> <p>Эхография : өттің ішінде дөңгелек, қоғалмалы, қатты құрылым, артынан “акустикалық” көлеңке байқалады.</p> <p>Холецистография:</p> <ul style="list-style-type: none"> - толу кемістіктері (дефект) - Өт проекциясында қатты құрылым көлеңкесі
Ажырату диагнозы	<ul style="list-style-type: none"> - 12 елі ішек ойық жара ауруы - Созылмалы панкреатит - Созылмалы холецистит

ЕМІ

- ? ΘТА диагнозы қойылғанда шығатын мәселе: балаға хирургиялық ем қажет па жоқпа. Кеселдің негізгі емі – хирургиялық (холецистоэктомия). Науқастардың кейбіреуі ғана консервативті ем алады.
- ? Консервативті ем құрамы: диета, литолитикалық ем, қосалқы дискинезияларда – спазмолитиктер.
- ? ΘТА емінде дита аса мәнді. Жалпы қағидалары: асқазан-ішек жолдары шырышты қабатын механикалық және химиялық аялау. Рұқсат етілетіні: сиыр, құс, қоян, күрке тауық еті; піскен балық, ботқа, көкөніс, жеміс-жидектер(ащы және піспегеннен басқалары). Майлы тағам, өте суық сусындар мен тағамдарды(балмұздак), дәмдеушілер(сірке суы, бұрыш, пияз, тоқаш) , консервілер, қақталған тағамдар, шұжық, қуырылған берілмеуі тиіс. Науқасқа берілетіні: сүт, вегетариандық және жидек сорпалары; екінші тағамға қайнатылған ботқа, пудинг, суға ұйнатаған балық пен ет, сусындар қоя емес шай, компот морс, кисель, сүт, айран т.б.

- ? Дәрі –дәрмектік ем науқастағы қосалқы бұзылыстарға байланысты беріледі. Өт ұстамасында тезірек ауру сезімін қойдыру керек. Бұл мақсатта атропиннің 0,1% ерітіндісі (1/2 тамшыдан жасына) немесе беладонна экстракты (1мг жасына), папаверин, ношпа, спазмолитин, тефиллин т.б беріледі.
- ? Антибиотиктерапия. Өт жолдарының қабынуы, ауру сезімі мен дене қызуының жоғарлауы антибиотиктер беруге көрсеткіш болып табылады. Антибактериалдық ем курсы ұза емес (7-10күн). Холециститте антибиотиктерді бактисубтилмен және міндетті түрде витаминдермен (С, В тобы, А) бірге беру керек.
- ? Холециститпен науқастарды емдеуде өт айдағыштарды кең қолданады.
- ? Литолитикалық дәрілер холестериндік, көлемі 10мм-ден аспайтын өттік тастаның қолданылады. Хенофальк холестерин түзілісін азайтып, запранның коллоидтық тепе-тендігін қалыптастырады – 15мг/кг есебінен. Тиімдірегі урсофальк: гепатотоксикалық эндогенді өт қышқылдарының ішектік реабсорбциясын тежейді, запыранда холестериннің қанығуын азайтады, осыдан ішекте оның сіңірілуі азайып, бауырдағы түзілісі тежеледі. Мөлшері 10мг/кг күніне, ұздіксіз 6-24 ай бойы

ДИСПАНСЕРЛЕУ

**От жолдарының аурулары
(холецистит, холангит,
холецистохолангит, дискинезия) аймак
балалар дәрігерінде “Д” учетта тұрады.
Педиатр – 1жылды әр 2-3 ай сайын, ал
келеси жылдан бастап 6 ай сайын ,
отоларинголог, стоматолог
көрсеткішіне қарай тексереді.**



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “Балалар ауруларының пропедевтикасы” Б. Тұсіпқалиев, Актөбе 2002ж
2. “Педиатрия” Б.Х.Хабижанов , С.Х.Хамзин II том Алматы 2012
3. “Амбулаторлық – емханалық педиатрия” Е.Т. Дадамбаев Алматы,2010
4. http://karapuz.kz/pages_out.php?cid=830
5. <http://puzkarapuz.ru/content/1611>
6. http://ilive.com.ua/health/chronicheskiy-holecistit-u-detey_76576i15937.html